

**"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы № 1654 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 маусымдағы № 695 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 608 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2013 № 608 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы № 1654 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымында:

«Республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі» деген 2-бөлімде:

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы (Астана қаласы)»;

мынадай мазмұндағы 25 және 26-тармақтармен толықтырылсын:

«25. Туризм басқармасы (Алматы қаласы);

26. Дене шынықтыру және спорт басқармасы (Алматы қаласы)».

2. Алматы қаласы әкімдігі:

1) өз актілерін осы қаулыға сәйкес келтірсін;

2) жергілікті атқарушы органның туризм, дене шынықтыру және спорт салаларындағы қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерін құрсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының*

*К. Мәсімов*

